

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы» КММ «Облыстық стоматологиялық емхана»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорны**

**сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауы**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу ережелеріне сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау мақсатында емхананың бас дәрігерінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы №100 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы өз қызметінде менеджментті реттейтін кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, құқықтық актілерді зерделеді.

Мемлекеттік органның позициясын зерттеу барысында медициналық ұйымның нормативтік құқықтық актілерге әсер ететін және онымен байланысты қызметі талданды («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 673 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 «Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі №DSM-108/2020 «Әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 «Уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ

парақ немесе уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша ол анықталған жоқ.

Емхананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде 2020 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2020 жылы емхананың штаттық саны: медициналық персонал - 16 бірлік, орта медициналық қызметкерлер құрамы - 32,5 бірлік.

Бос орындар бар: 2 дәрігер стоматолог, 1 тіс дәрігері, 2 мейірбике.

Өзгергіштік 2 бірлікті құрады (қызметкердің бастамасымен еңбек шартын тоқтату және зейнетке шығу). - 4 бірлік жұмысқа қабылданды.

2) мүдделер қақтығысы фактілері анықталмаған;

3) емхана медицина саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

4) емхананың рұқсат құжаттамасы бар: медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы;

5) Емхананың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің «Ақпараттық қызмет» мәліметтер базасымен тексеріледі. Сотталғандар және айыппұлдар салынған жоқ.

Емханаға жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түсті (ауруға байланысты демалыстарға, із-түссіз жоғалған адамдарды іздеу, медициналық қорытындыларды растау).

Емхана қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

Бұл кезеңде қадағалау тексерістері жүргізілмеген.

Прокурордың қадағалау актілері алынған жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі емхананың іс-шаралар жоспары 2020-2021 жылдарға бекітілді. Жоспарда келесі іс-шаралар қарастырылған:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, менеджменттің функционалдық қызметіне қатысты заңдардың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық оқытуды ұйымдастыру;

- «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы өткізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен науқандарға қатысу;

- басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жағымсыз материалдарға реакцияны бақылау;


- сайтта басқарма қызметі туралы ақпаратты уақытында орналастыруды қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы айдарларды жаңарту.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде жұмыс тобы емхана қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған деген қорытындыға келді.

Жұмыс тобының төрайымы:

Жұмыс тобының мүшелері:



Әлишева Е.Г.

Бисенева Ә.С.

Грязнова К.Ю.